# ЖАҢАЛЫҚ жаршысы

Әйтеке би ауданы

№13 (2428)
11 наурыз 2026 жыл
сәрсенбі

Газет 1990 жылдың 1 қаңтарынан бастап шыға бастады

Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті



zhanalyk_zharshysy@mail.ru


**Құрметті оқырман! Газеттің электрондық нұсқасы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз! https://zhanalyq-zharshysy.kz**

## ЖЕРЛЕС ҰСТАЗҒА МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ БЕРІЛДІ



Көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ел дамуына үлес қосып жүрген нәзік жандылардың еңбегі ерекше құрметке бөленді. Осыған орай облыс әкімі А.Шахаров салтанатты жағдайда Мемлекет басшысы атынан бірқатар ақтөбелік аруларға мемлекеттік наградаларды табыстады.

Білім саласына қосқан зор үлесі мен көпжылдық жемісті еңбегі үшін Комсомол жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Дина Қыдырбаева Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

Ұстаз еңбегі – ұлт болашағына салынған асыл қазына екені белгілі. Сондықтан білім мен тәрбие ісіне бар ғұмырын арнаған жанның еңбегіне берілген бұл марапат – тек бір адамның ғана емес, тұтас ұстаздар қауымының абыройын асқақтатқан қуанышты сәт.

Өз кезегінде марапат иесі бұл құрметті жеке жетістігі ретінде емес, ортақ еңбектің жемісі екенін ерекше атап өтті.

— *Бұл марапат – мен үшін үлкен құрмет. Бірақ оны тек өз жетістігім деп қабылдамаймын. Бұл – мектебіміздің бүкіл ұжымының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Мектеп директоры ретінде мен үшін ең үлкен құндылық – жаңашыл, кәсіби әрі өз ісіне адал әріптестеріммен бірге еңбек ету. Күн сайын білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымызға шын жүректен алғысымды білдіремін,* – дейді Дина Әлиқызы.

**З.БЕКОВ.**

## Бұл мереке – гүл мереке




8 – наурыз Халықаралық аналар мерекесіне орай Аққөл ауылдық клубында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, жанұядағы ана мен бала арасындағы жылулық, ананың өлшеусіз еңбегін бағалай да қастерлеу мақсатында барша әйел-аналар қауымы мерекелік кешке ерекше көңіл-күймен келді. Ауыл әкімі Нұрлан Байғалиұлы алғаш құттықтау сөз сөйлеп, әр салада үздіксіз қызмет жасап жүрген аналарға, қыз-келіншектерге алғыс хаттарын табыстады. Ән мен жыр шашулары барлық аналарға арналып, «Сағым» театрының өнерпаздары «Анаға құрмет» сахналық қойылымымен көпшіліктің көңілінен шығып, аналардың алғыстарына бөленді. Мерекелік кешке келген барлық әйел-аналарға ақ жаулық таратылып, қыз-келіншектер қауымына қауымына гүл шоқтары беріліп, мерекелік кешке жиналған көрермендер ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Кеш соңында өнерпаздар мен көрермендер «Анаға сағыныш» әнін бірігіп шырқағанда, зал іші ерекше сезімге бөленіп, анаға деген сағыныштарын ән арқылы жеткізіп қана қоймай көздеріне еріксіз жас алып жатты. Аналар мерекесіне демеушілік жасаған ауыл азаматтары Смайлов Арман, Алмағанбетов Абай, Әміров Қайсар, Рахимберлин Жеңіс, Абдраухов Ақберген сияқты азаматтарға алғыс айтамыз. Аналар мерекесінің орны ерекше екені сөзсіз. Бұл мереке - гүл мереке.

**Бибізада Дауылбаева,**
**Аққөл ауылдық клуб меңгерушісі.**

## Ұстаздар арасындағы «Мерген ару – 2026» сайысы өтті




Әйтеке би аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес 2026 жылдың 5 наурыз күні Темірбек Жүргенов ауылында Темірбек Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп базасында мұғалімдер арасында «Мерген ару – 2026» аудандық сайысы ұйымдастырылды. Ұстаздардың мергендік қабілетін шыңдап, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бұл сайысқа аудан бойынша 16 мектептен 48 мұғалім қатысып, өзара бақ сынады.

Тартысты өткен сайыс қорытындысында командалық есепте І орынды Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектептің командасы иеленді. Команда құрамында Анаргүл Айтмағанбетова, Нұрлыгүл Бақтыгереева, Мөлдір Алина өнер көрсетсе, жетекшісі – Темірхан Сағындықов болды.

ІІ орынды М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің командасы жеңіп алды. Команда құрамында Рада Әбішова, Зәуреш Нұрқалық, Айнұр Қарақұлова қатысып, жетекшілік еткен Ардаш Жармедетов болды.

Ал ІІІ орынды Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің командасы иеленді. Бұл команда сапында Гүлайым Қожаева, Сандуғаш Ақділда, Әлбина Қажитова өнер көрсетіп, жетекшісі Кенжебек Мырзабаев болды.

Сайыс қорытындысы бойынша «Мерген ару – 2026» атағы М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің математика пәнінің мұғалімі Зәуреш Нұрқалыққа бұйырып, оған Түркістан қаласына туристік саяхатқа арналған сертификат табысталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Әйтеке би аудандық білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымының мадақтама қағаздарымен, кубоктармен және медальдармен марапатталды.

## Сиынар ем ана деген тәңірге...

***Көктемнің шуағы мен мейірімін ала келген 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ауданымызда әйел-анаға деген құрмет пен ілтипатты айшықтаған әсерлі шаралар легі өтті. Адамзатқа өмір сыйлаған ананың мейірімі мен әйел затының нәзік болмысы – қоғамның ажарын кіргізетін, тіршіліктің тынысын кеңейтетін ұлы құндылық. Осы бір шуақты мереке қарсаңында аудан жұртшылығы аналарға тағзым етіп, аяулы жандарға алғыс пен құрметін білдірді.***

* * *

**Т.ЖҮРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ:** Аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Әйел – әлем әуені» атты мерекелік кеш те дәл осы ізгі сезімдердің жарқын көрінісіндей болды. Сахна төрі көктемнің нұрындай нұрланып, аналардың ақ жүрегіндей мейірімге толған кеш көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Кездесу барысында қатысушылар атынан балабақша меңгерушісі Қ.Қалжанова сөз алып, көрсетілген құрмет пен ықыласқа ризашылығын білдіріп, ауыл әкімдігіне алғыс айтты. Оның айтуынша, әйелдерге деген осындай құрмет – олардың еңбегіне берілген жоғары баға әрі болашаққа деген сенім.



Мерекелік жиында аудан әкімі Д.Тоғызбаев барша әйел қауымын көктемнің ең көркем мерекесімен құттықтап, олардың қоғам өміріндегі орны ерекше екенін атап өтті.

Ана мейірімі – ұрпақ тәрбиесінің алтын бесігі, ал әйел еңбегі – ел дамуының маңызды тірегі екені айтылып, сан түрлі салада абыройлы еңбек етіп жүрген нәзік жандыларға құрмет көрсетілді.

Кеш барысында облыс әкімінің атынан бірқатар азаматшалар Алғыс хатпен марапатталса, аудан әкімінің атынан көптеген еңбек адамдарына ризашылық белгісі ретінде Алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ аудандық мәслихат төрағасының атынан да бір топ әйел азаматша марапатқа ие болып, олардың ел игілігі жолындағы еңбектері жоғары бағаланды жаңға да облыс басшысының құттықтауы мен сыйы табысталды.

Сондай-ақ аудан әкімі ел игілігі жолында ұзақ жылдар адал еңбек еткен бірқатар ардақты жандардың шаңырағына арнайы барып, құрмет көрсетті. Ұстаздық жолда талай шәкірт тәрбиелеген Күлаш Ортанқызы, адам жанының арашасы болған медицина саласының тәжірибелі маманы Бакытгүл Байжанқызы, мәдениет саласының жанашыры Валентина Владимировна, ауыл шаруашылығы мен білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлік ғұмыр кешіп отырған Наталья Ивановна – барлығы да өз саласының абыройын асқақтатқан жандар. Олардың еңбегі жоғары бағаланып, Алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табысталды.

**ҚАРАБҰТАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ:** Осы шуақты мереке қарсаңында Қарабұтақ ауылдық округінде де әйел-аналарға құрмет көрсетіліп, олардың қоғам мен ауыл өміріндегі еңбегі жоғары бағаланды. Ауылдық округ әкімі Е.Қаржаубаев ауыл көлемінде мекеме мен ұйым басқарып отырған әйел азаматтармен арнайы кездесіп, көктемнің шуақты мерекесімен шын жүректен құттықтады.

Ананың мейірімі мен қамқорлығы – қоғам мен отбасының берекесін арттыратын ең қастерлі құндылық. Сондықтан да мереке қарсаңында ауылдық округ әкімі Е.Қаржаубаев кезінде әр салада еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосқан ардақты аналардың шаңырақтарына арнайы барып, Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

Атап айтқанда, Айзада Баймішева, Ақзила Мұқашева және Шынкүміс Сәндібекова апалардың отбасыларына барып, мерекелік тілегін білдіріп, олардың өмір жолындағы еңбегіне құрмет көрсетті.

Мерекелік шаралар мұнымен ғана шектелмей, Қарабұтақ ауылдық клубында «Әлемді әсем еткен – Ана» атты салтанатты кешпен жалғасты. Жылылық пен мейірімді, сұлулық пен ізгілікті бейнелейтін



Салтанатты жиын мерекелік концертке ұласып, сахна төрін ән мен күй, би мен өнер көркіне бөлеп жіберді. Өнерпаздардың әсем әндері мен мың бұралған билері кештің ажарын ашып, көрермен жүрегіне шаттық пен жылулық сыйлады. Көктемнің әуезді лебі мен өнердің нәзік үні үйлескен бұл кеш әйел затына деген құрметтің көркем көрінісіндей есте қалды.

Мереке қарсаңында ауданымызда ел дамуына үлес қосқан аяулы аналарға арнайы құрмет көрсетілді. Солардың бірі – Әйке ауылында тұратын, ғасырдан асып, өмірдің талай белесін көрген, ауданымыздың ең қарт тұрғыны Сақып әже. Жүз жылдан асқан ғұмырында талай ұрпаққа өнеге болған ақжаулықты анаға аудан әкімі арнайы барып, облыс әкімі А.Шахаровтың құттықтау хаты мен сый-сияпатын табыстап, ақ батасын алды.

Ал Жүргенов ауылында тұратын көпбалалы ана, «Алтын алқа» иегері Базар апайымыз да мереке қарсаңында ерекше құрметке бөленді. Ана мейірімі мен отбасы құндылығын ұрпаққа үлгі етіп келе жатқан аяулы

Кездесу барысында ауыл әкімі әйелдердің қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті. Бүгінде әйелдер тек отбасының берекесін кіргізіп, шаңырақтың ұйытқысы болып қана қоймай, ел дамуына да белсенді үлес қосып келеді. Әсіресе, ауылдағы мекеме мен ұйымдарды басқару ісінде жауапкершілік танытып, ұжымның берекесін арттырып, ауылдың әлеуметтік дамуына сүбелі үлес қосып жүрген нәзік жандылардың еңбегі зор. Осындай іскерлігімен, парасаттылығымен көпке үлгі болып жүрген әйел азаматтарға ауыл әкімі ризашылығын білдіріп, ізгі тілегін арнады.

Тағылымды кездесуге ауданымыздың дамуына ұзақ жылдар бойы еңбек сіңірген, Әйтеке би ауданының Құрметті азаматы З.Бөлекова да қатысып, жиналған қауымды мерекемен құттықтап, аналар мен қыз-келіншектерге жүрекжарды тілегін жеткізді. Ол өз сөзінде әйел адамның қай кезде де сабыр мен мейірімнің, еңбек пен адалдықтың үлгісі екенін айтып, ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген жандарға алғысын білдірді.

бұл мерекеге ауылдың ақ жаулықты аналары, қыз-келіншектері және барша нәзік жандылар жиналды.

Шараның шымылдығын ауылдық округ әкімі Е.Қаржаубаев құттықтау сөзімен ашып, әйел-аналардың қоғамдағы мәртебесін ерекше атап өтті.

Мерекелік кеште ауылдың өнерпаз ер-азаматтары Б.Баратов, Қ.Өксікбаев, М.Калилин, Е.Төребеков, Ә.Тоқманбетов және басқа да өнерлі азаматтар әсем әндерін тарту етіп, көрермендердің көңілінен шықты. Ән мен әуенге толы кеште нәзік жандыларға гүлдер ұсынылып, концерттік бағдарлама жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шара соңында барша қатысушылар бірлесе орындаған Е.Хасанғалиевтің «Анаға сәлем» әні кештің әсерін еселей түсті. Бұл сәт – әр жүректің Ана құдіретіне тағы бір мәрте тағзым етіп, аналарға деген шексіз құрметін білдірген ерекше әсерлі мезет болды.

**Беттің ақпаратын әзірлеген**
**Е.ЫРҒЫЗҰЛЫ.**

## «Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

https://www.gov.kz/referendum?lang=kk

https://referendum2026.gov.kz/kk

https://referendum.gov.kz/kk

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

## «Как найти участок для голосования?»

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov-mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определят свой участок референдума.

https://www.gov.kz/referendum?lang=ru

https://referendum2026.gov.kz/ru

https://referendum.gov.kz/ru

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства можно уточнить информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

**Важен голос каждого из нас!**

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан**

# Району 60 лет: Вспомним, как все начиналось!

**(Окончание. Начало в №№11,12 номерах нашей газеты)**

### *Развитие сельскохозяйственного производства и успехи хлеборобов*

Комсомольский район продолжал строиться, труженики сельского хозяйства получали животноводческую продукцию и урожай зерновых. Неплохими по урожаю были и 1968 год, и 1970 год. Но самое главное, что произошло в районе за эти годы – это то что ,в основном, все совхозы района подключили к государственной энергосистеме. Это было большим достижением. Посевные площади ежегодно расширялись и к 1981 году составили по району 406 тыс. га. Было получено в тот год по 12,2 центнера зерна с гектара, валовой сбор составил 486 тысяч тонн, государству было продано 23 млн. пудов высококачественного зерна.

Расширение площадей зерновых культур ежегодно увеличивало производство и продажу зерна государству. Так, среднегодовое производство зерна за 1976-1980 годы составило 143 тысячи тонн, за 1981-1985 гг. 162,9 тыс. тонн. Из реализованного государству зерна 68% пшеница сильных сортов и 12% твёрдых сортов.

Происходили позитивные изменения в росте численности и повышении продуктивности в общественном животноводстве, что обеспечивало увеличение производства и продажи государству животноводческой продукции. Так, закуп государством мяса в среднегодовом исчислении за 1971-1975 гг. составил 487,4 тыс. тонн. В 1976-1980гг.-593,4 тыс. тонн, соответственно молока 88,3 тонны и 239,5 тонны, шерсти -18,3 и 19,1 тонны. Многоотраслевой район был главной житницей Актюбинской области, поставляя государству огромные объёмы хлеба, животноводческой продукции.

С июня 1970 по 1982 год первым секретарём Комсомольского райкома партии работал Пётр Терентьевич Олешко, председателем райисполкома с августа 1970 по май 1976 года Николай Прокофьевич Смоленков, а затем Фёдор Евгеньевич Чемоданов - председателем райисполкома и первым секретарём райкома партии.

За выдающиеся успехи, достигнутые в развитии сельскохозяйственного производства и особенно зерна, продажу государству продуктов земледелия Президиум Верховного Совета СССР присвоил первому секретарю Комсомольского райкома партии Петру Терентьевичу Олешко звание Героя Социалистического труда, с вручением ордена Ленина. Орденом Ленина наградили и Фёдора Евгеньевича Чемоданова - работавшего председателем райисполкома. Большая группа тружеников сельского хозяйства Комсомольского района была награждена орденами и медалями.

### *Анатолий Архипович Явдошин*



**На фото: Герой Социалистического труда А.Явдошин.**

**Родился 19 июля 1938 года в Украине в селе Малая Севастьяновка Черкасской области, в крестьянской семье. На целину приехал в 1960 году подготовленным после курсов в г.Хромтау и практической работы механизатором широкого профиля. Работал в совхозе «Ярославский», возглавлял тракторно – полеводческую бригаду, затем трудился комбайнёром. Был наставником молодёжи, избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР, награждён двумя орденами Ленина, Трудового Красного Знамени, многими медалями. По итогам 1980 года за высокие производственные показатели был представлен к званию Героя Социалистического Труда.**

**Участник Великой Отечественной войны П.Олешко свою трудовую деятельность начал в 1933 году рядовым рабочим в совхозе «Магаджановский» Новороссийского района. Был призван в 1941 году в Красную Армию, демобилизовался в 1946 году. Работал на производстве, в 1956 году успешно окончил Троицкий техникум механизации и электрификации сельского хозяйства, стал**



**На фото: Первый секретарь Комсомольского райкома партии Герой Социалистического Труда П.Олешко.**

**главным инженером – механиком совхоза «Эмбенский» Мугалжарского района.**

**Затем партийная работа: второй секретарь Карабутакского райкома партии, первый секретарь Мартукского райкома партии. Был назначен начальником Мартукского производственного совхозно – колхозного управления, избирался председателем Мартукского райисполкома.**

**Заочно окончил Высшую партийную школу при ЦК КПСС. В период с 1970 по 1982 годы – первый секретарь Комсомольского райкома партии.**

**Награждён орденами Ленина, Трудового Красного Знамени, Октябрьской революции, Отечественной войны 2 степени, многими медалями. Внёс огромный вклад в развитие сельского хозяйства области, социальное развитие целинного региона. По итогам 1981 года, когда был получен рекордный урожай, П.Олешко представлен к званию Героя Социалистического Труда.**

Секретарями райкома партии в разные годы работали Хасен Буртибаев, Аблай Жанбасынов, Николай Данилович Писич, Иван Михайлович Плотников, Галина Карповна Савенко, Николай Владимирович Ювица.



**На фото: заведующий райфинотделом Борантай Лекеров.**

Заместителями председателя райисполкома работали Абдыкадыр Уздембаев, Алексей Васильевич Фоменко, Кудайберген Бактияров, Николай Арапатий. Начальником районного отдела финансов был назначен Борантай Лекеров, до последних лет жизни работавший на этом ответственном посту.

### *Решение проблем ЖКХ*

Существовавший райкомхоз не имел необходимую производственно-техническую базу, не был укомплектован инженерно-техническим персоналом. Все это тянулось 7 лет с момента образования района и только в 1973 году, можно сказать «с нуля», начали создавать новый районный комбинат коммунальных предприятий. Руководить на этот труднейший участок жизнеобеспечения населения районного центра направили молодого специалиста финансовых органов Себостьяна Богдана Иосифовича, который бессменно возглавлял комбинат более 20-ти лет.



**На фото: Б.Себостьян.**

Вместе с ним продолжительное время работал главным инженером Болат Ортаевич Бабанаев. В период строительства, становления районному комбинату коммунальных предприятий очень хорошо помогал облкомхоз, заведующий Дудкин Павел Иванович, его заместитель Тажибаев Геннадий Сельбаевич.

Бурное развитие производственной деятельности райкомхоза приходится на период работы председателем райисполкома Чемоданова Федора Евгеньевича, который на 50 % исполнял обязанности начальника райкомхоза. (Из вопоминаний А.Сырлыбаева).



**На фото: Федор Чемоданов**

**Участник Великой Отечественной войны Фёдор Евгеньевич Чемоданов был избран в 1971 году председателем исполкома Карабутакского районного Совета народных депутатов и за годы его работы там было построено много производственных и объектов сельскохозяйственного назначения.**

**С мая 1976 года Ф.Е.Чемоданов - председатель Комсомольского райисполкома. В 1982 году был избран первым секретарём Комсомольского райкома Компартии Казахстана и проработал в этой должности до марта 1985 года.**

**Новый целинный Комсомольский район при Ф.Чемоданове напоминал большую строительную площадку. В районе осуществлялась огромная строительная программа жилья, социальных и производственных объектов.**

Кроме областного центра г.Актюбинска, огромное количество строительного материала завозилось из РСФСР: городов Новотроицк, Орск, Ясный, Светлый, Медногорска и др. В перевозке строительных материалов неоценимую помощь оказывало областное управление грузового автотранспорта, начальник Дьяков Николай Иванович, его заместитель Панасенко Яков Николаевич. Помогали району областные руководители предприятий стройиндустрии, строительных организаций. Благодаря этому, в самые сжатые сроки были построены и введены в эксплуатацию административные здания райкомхоза, малая и центральная котельная, складские помещения, автогаражи, столярный цех, пилорама, одно и двухквартирные дома для рабочих и служащих комбината. Одновременно строилась двухэтажная районная гостиница, баня с отдельной котельной, два 2-х этажных 16 квартирных жилых дома, два 2-х этажных 4 квартирных жилых дома. Вести, выполнять такой объем строительно-монтажных работ хозяйственным способом было практически невозможно, не имея свою собственную техническую базу. Поэтому райисполкому нередко приходилось принимать волевые решения о выделении райкомхозу из фондов совхозов тракторов, грузовых автомашин, пиломатериалов, ГСМ.

Райкомхоз получил новый бульдозер, мехлопату на базе шасси трактора Дт-75, экскаватор ЮМЗ, три колесных трактора МТЗ с прицепами ПТС-4, трактор К-700 с прицепом ПТС-9 и ПТС-12, автомашину бензовоз, пять новых грузовых автомобилей разных марок, дизельную электростанцию ДЭС, сварочный агрегат. Кроме этого, облкомхоз выделил три новых водовоза, спецавтомобили. Можно сказать, был создан мощный, с необходимым набором, парк техники. Появилась реальная возможность приступить к капитальному строительству водопровода, обширной сети теплотрассы, тротуаров, асфальтированию и освещению улиц райцентра.

Был заложен районный парк Славы участников Великой Отечественной войны. Высокими темпами началось строительство водопровода, центрального теплоснабжения. Построили и ввели в эксплуатацию центральную котельную, с подключением к центральному водопроводу. Увеличили мощность Комсомольского водозабора, пробурив несколько глубинных скважин с достаточным дебетом чистой питьевой воды, смонтировали мощную водонапорную башню. Только после этого приступили к строительству теплотрассы, водопровода, с установкой водоразборных колонок. За 6 месяцев были построены и сдана в эксплуатацию теплотрасса, водопровод протяженностью 10,6 км, с 28 колонками. Одним словом, удалось к концу 1977 года полностью охватить все объекты соцкультбыта, торговли и общественного питания, весь жилищный сектор сетью водопровода, теплоснабжения, то есть решили проблему с чистой питьевой водой и теплом.

### *Строительство Щербаковского водохранилища*

**(Из воспоминаний ветерана труда Акимжана Сырлыбаева)**



**На фото: Юрий Хлыбов.**



**На фото: Строительство РДК «Целинник». Дом культуры был построен за рекордные шесть месяцев.**

«В 70-ые годы прошлого столетия остро стоял вопрос резкого повышения культуры земледелия, урожайности зерновых, овощных и бахчевых культур, обеспечения прочной кормовой базы, увеличения поголовья всех видов скота, повышения его продуктивности.

В районе имелись 3 водохранилища: Комсомольское, Тикбутакское, Безымянное. Очень трудно, напряженно строилось водохранилище на реке Иргиз в 3-х километрах юго-восточнее от центральной усадьбы совхоза «Щербаковский», п.Талдысай. Площадь зеркала данного водохранилища 1,52 млн. м 2. Назначение водохранилища – орошение. У водохранилища открыли пионерский лагерь, который успешно функционировал.

Это был прекрасный, благоустроенный, озеленённый пионерский городок, с чудесным микроклиматом. Здесь в три потока отдыхали дети механизаторов, чабанов, табунщиков и других рабочих и служащих района.

Щербаковское водохранилище стало любимым местом отдыха всего населения района. Приезжали отдохнуть, порыбачить наши соседи из Домбаровского, Ясненского, Светлинского районов Оренбургской области РФ.

Могу с твердой уверенностью сказать, что Щербаковское водохранилище «детище» тогдашнего председателя райисполкома Чемоданова Федора Евгеньевича, который почти ежедневно свой рабочий день начинал с этого объекта. Строительство велось хозяйственным способом, с трудовым участием всех совхозов, с привлечением самосвалов АТП района и области.

Работой руководил главный инженер совхоза «Щербаковский» Юрий Хлыбов. Очень часто с деловым намерением посещал объект, своевременно оказывал практическую помощь управляющий трестом «Актюбводстрой» Сейтов Булат Зайрбаевич.

Через год, после завершения всех строительных работ, водохранилище вышло на проектную мощность, проводилось озеленение, благоустройство, зарыбление. Хорошо поработали Комсомольская лесомелиоративная станция (директор Губашев Бахтияр), районное общество охотников и рыболовов (председатель Лютинский Геннадий Иванович). Содержание, охрана, особенно в весенний паводковый период, осуществлялось совхозом «Щербаковский».

К большому сожалению, сегодня нет Щербаковского водохранилища со всеми инженерными коммуникациями, в 21 веке не смогли сохранить такое великое гидротехническое сооружение».



**На фото: Г.Лютинский, Н.Матюхов (держит огромного карпа) и В.Мунтян с крупным уловом из Щербаковского водохранилища.**

К началу 80-х годов прошлого века, в районе функционировали 12 средних, 5 восьмилетних, 14 начальных школ, с контингентом более 6 тыс. учащихся, в которых работали более 400 учителей. В райцентре открыли музыкальную и спортивную школы, а в 1974 году СПТУ-17. Район имел 5 участковых больниц, 13 фельдшерско-акушерских пунктов, в которых работали 40 врачей, 120 средних медработников. В сельском хозяйстве трудилось 493 специалиста с высшим и средним образованием, 1315 механизаторов.

Руководство Комсомольского района с пониманием дела и с большей энергией продолжило практическую деятельность в становлении и совершенствовании целинного земледелия, повышения культуры земледелия при одновременном расширении посевных площадей зерновых культур и, особенно, пшеницы и проса.



**На фото: заместитель председателя Комсомольского райисполкома Абдыкадыр Уздембаев, первая заведующая рай ЗАГСом К.Патрикеева, работница райисполкома Н.Борзых.**

**Материал подготовил к печати Сергей Генин.**
**(Использованы материалы из книги «О жизни и подвиге газетной строкой»).**

☑ ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР

# Тарихы ұшан теңіз Жабасақтың

Аталы сөздің бастауы, сөзіміздің арқауы болмақ Жабасақтың тарихы тереңде жатыр. Жабасақ Тіленшіұлы осы төңіректі ертеректе жәйлаған дәулетті кісі екен. 1957 жылы совхоз құрылғанда елге көп көмегі болғанына байланысты ауылға осы кісінің аты берілген. «Жабасақ өңірі» деп атау себебіміз осы ауылға маңайындағы ауылдардан бөлек, Ырғыздың іргесінде тұрған Нұра ауылы Жабасақтың 10 фирмасы болған. 1972 жылға дейін Жабасақ Ырғыз ауданының құрамында болған **(Әйтеке би аудан. энц. 65-бет).** Жабасақ өңірінің тарихы осы жерде туып өскен, қызмет еткен азаматтардың және де XIX-XX ғасырлардан қалған **(Ашабай, Қаражан, Самырат мешіті, Темірбек Жүргеновтің қызыл мектебі, Әйтеке би аудан. энц. 68-69 беттер)** кесенелерден белгілі болып отыр. Ал қола дәуірінен қалған «Жабасақ І» қорымы да осы өңірдің тарихың ғасырлардың үнің, сырың шертіп тұрғандай көрінеді. Әлі көптеген тарихи деректер, құңды материалдар аудандық, облыстық архивтерде шаң басып, музейлерде насихатталғаны былай тұрсың, сыры ашылмай жатыр. Өйткені осы деректерді өңдеп ретімен қолданысқа кіргізетін, насихаттайтын мамандар аз. Оның үстіне ауыл тұрғындары да жергілікті және облыс мәдениет басқармаларына осы мәселерді айтып келе жатыр. Ауылдың іргесіндегі екі нысанға реставрация жасап, музей ашып беруді сұрап отыр. Жабасақтан мәдениет саңылақтары, соғыс ардагерлері, профессор, доктор дәрежесін алған ғалымдар, Желтоқсан ардагерлері дүниеге келген. Атап айтсақ, Мемлекет және қоғам қайраткері – Темірбек Жүргенов **(Басықара қопасы, ҚСЭ 1974-78, 4-том, 531. Ақтөбе энц. 441-бет),** қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы - Әлім Алмат (Жабасақтың 3 фирмасы Аққұм а. Қарақай Ақтөбе энц. 288-бет), Желтоқсан ардагерлері – Қонысбек Доспанбетов, Бекназарова Шара, Мәдениет қайраткері – Рысжан Ильясова (Жабасақтың 4 отделенесі Толыбай а.), Мәдениет саласының үздігі – Дулат Дарибай, ҚР Еңбек сіңірген әртісі – Тұрар Әліпбаев, белгілі әнші, сазгер – Данияр Сағынтаев, опера әншісі – Данагүл Сағынтаева, Социалистік Еңбек Ерілері – Алтынбек Әкімжанов(Жабасақтың 4 отделенесі Толыбай а Ақтөбе энц. 296-бет), Алтаев Боша (Кенжеғара б. Торғай Ақтөбе энц. 267-бет), Мәмбетов Әбдібек(Жабасақтың 10 фирмасы Нұра), Тілеумұрат Кішкентаев **(Ырғыз у. Ақтөбе энц. 479-бет)** және т.б. шыққан. Жабасақ өңірі неге үлкен ұғымға ие болып отырғаны көпшілікке жетпей, қазіргі уақытта бәрі ұмыт болған қазақтың шалғай ауылы болып қалған сияқты.




## ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

### Еңбегімен ерекшеленген ер еді...



Кішкентаев Тілеумұрат (1891 ж. Ырғыз ауданы, Нұра ауылдық округі Мамыр – 1960 ж. Жабасақ ауылдық округіндегі Қодар жайлауы) – шопан. 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. 1932 жылы қазіргі Әйтеке би ауданы, Жабасақ ауылындағы Шілікті (Шилібөгет), кейін Жданов атындағы ұжымшарында, 1957 жылы Жабасақ кеңшарында шопан болды. 1946 жылы 453 қазақы саулықтан 548 – әр 100-нен – 121 алды. 1947 жылы 100-не 124, 1949 жылы 100-не 152 қозыдан алған. «Ленин» орденімен, «Орақ пен балға» және т.б. медальдармен марапатталды **(Ақтөбе энц. 479-бет).**

Тілеумұрат Кішкентаев – Аққұм ауылының перзенті, қарапайым еңбек адамы. Колхоздар ұйымдасқан кезден бастап колхозға мүше болып кіріп, өмірінің соңына дейін колхозшы болып өтеді. Төкең ұзақ уақыт бойы Жданов атындағы колхозда шопан болып, қой бақты. Ол осы колхозда қой түгілін көбейтуге үлес қосады. Жүз саулықтан 130-140 қа дейін қозы алып отырған. Нәтижесінде еңбекқор шопан 1949 жылы Ырғыз ауданынан шыққан 29 Социалситік Еңбек Ерінің бірі болды. Төлеумұрат Кішкентаев жасы ұлғайған шағында 1950 жылдардың аяғында дүниеден өткен. Жабасақ елі еңбекқор шопан Төлеумұрат Кішкентаевты елге сіңірген еңбегі үшін бүгінгі күнге дейін де ұмытпағані! **(Қуаныш Алтынбаевтың Жабасағым жұлдызым к. 25-бет)**

### Кішкентаев Тілеумұраттың жүлдесі

Т.Кішкентаев атындағы оқушылар арасындағы жарыс 1992 жылдан бері тұрақты түрде өтіп келеді. Алғашқы жарысты ұйымдастырушы сол кездегі аудандық білім бөлімінің бастығы А.Ермағанбет, Жабасақ орта мектебінің директоры Б.Құдайбергенұлы және Жабасақ кеңшарының директоры М.Ғабидуллин болды. Алғашқы кезде бір ауданның жарысы болса, кейіннен ауданаралық, облыстық жарыс деңгейіне көтерілді. Т.Кішкентаев атындағы турнирге Ырғыз, Қарабұтақ, Хромтау аудандары мен Ақтөбе қаласының командалары қатысып, бақтарын сынады. Кей жылдары турнирге 280 палуан қатынасқан кездерде болған.

1992 жылғы турнирдің алғашқы жеңімпаздары болып А.Сүлейменов, Р.Ермағанбетов табылды. Қазіргі күні олар, А.Сүлейменов спорт шебері, Р.Ермағанбетов спорт шеберлігіне үміткер, қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі төреші және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Турнирге барлық уақытта Жабасақ орта мектебінің базасында өтіп келеді. Бір жыл Т.Кішкентаевтың отаны Аққұм ауылында өткізілді. Басқа ауданның командалары көптен қатыстыру мақсатында үш жыл Темірбек Жүргенов (Комсомол) ауылында өткізілген болатын.

Бұл турнирдің жастарға берері мол болды. Нәтижесінде 21 жылда осы турнирден шыңдалған палуандардың 17-сі спорт шебері және спорт шеберлігіне кандидат атанды.

Т.Кішкентаев турниріне талай рет қатысып, жеңімпаз атанған Б.Қисықов халықаралық дәрежедегі спорт шебері, қазақ күресінің екі рет әлем жеңімпазы атанды. Күрестегі қадамын осы турнирден бастап, шыңдалған, талай рет көрерменді риза еткен Ғ.Байниязов бірнеше рет ел жеңімпазы атанды (aqtobegazeti, 12.08.2010). Палуандар күрес өнерінің қыр-сырна осы турнирде шыңдалған. Осы турнирден шыққан тағы бір Жабасақтық палуан А.Баймұратов грек-рим күресінен Азия жеңімпазы атанды. Белбеу күресінен бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпазы Әлібеков те осы турнирдің үнемі қатысушысы, жеңімпазы. Осы турнирден шыққан тағы бір Жабасақтық палуан Амангелді Ерасыл 2022 жылы Жабасақтан шыққан тұңғыш әлем жеңімпазы атанды (Ерасыл-әлем чемпионы, aqtobegazeti 22.12.2022). Ерасыл Қазақстан барысы-2025 турнирінің жартылай финалисті.

Т.Кішкентаев турнирінде шыңдалған Р.Бөрібаев, С.Жетімбаев, М.Айнадин, Н.Шортанбаев, Ж.Естаев, М.Жарымбетов, А.Елешов, Р.Әлменов, және басқа да онадаған палуандар күрес түрлерінен облыс, республика жеңімпаздары, халықаралық жарыстардың жеңімпаздары.

Турнирге палуандар даярлауда жәнe және бұл турнирді сапалы түрде өткізуде жаттықтырушылар М.Әбдібеков, Ә.Байниязов, Р.Ермағанбетов, Қ.Надиров, С.Қозбағаров еңбектері орасан зор **(Жерұйығым-жер жәнәтті – Жабасақ, 10-11 беттер).**

### Айнагүл Тілеумұратқызының әңгімесі



Менің әкем Тілеумұрат Кішкентаев, анам Есімова Күләй. Отбасымда 4 ағайындымыз. Үлкен апам Бибігүл Қашқынбаева (Тілеумұратқызы) - 1939 жылы Аққұм ауылында (Жаңабірлік, Жданов) дүниеге келген. Кіші апам Базаргүл Кусейева (Тілеумұратқызы) - 1942 жылы Аққұм ауылында дүниеге келген. Содан кейін мен Айнагүл Кішкентаева 1954 жылы Аққұмда дүниеге келгенмің. Менен кейін сіңілім Кішкентаева Зада Тілеумұратқызы - 1957 жылы Аққұмда дүниеге келген. Әкем шобдар руынан тарағанына байланысты Ырғызды басқарған Алматұлы Самырат (Шахмұрат) балдарымен жақсы араласып тұрды. Әкем Ырғыздың Мамыр ауылыңда дүниеге келген. Қазіргі Жабасақ ауылдық округінің Аққұм, Шілікті (Басықара қопасы), Қодарда қой бағып, шопан болды. Сол жерде қайтыс болды. Елге қамқор кісі еді. Өзіңде жоқ болса да көлдеңен көк аттыға, жолаушылап келген меймандарға жарты күлшесін болсада бөліп беретін еді. Ашаршылық (Конфискация) кезіндегі елге жасаған жақсылығың әлі күнге дейін мені көргенде жылап, жылы лебіздерін білдіріп жатады. 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері болды. Әкемнің құжаттары мен орден, медалдарын бала кезімізде ойнап, сындырып алдық. Әкем сияқты бірқатар азаматтар Жабасақ өңірінде қызмет етті. Әкем ақша алмады. Ақшаның орнында авликация болды. Сол кеңес заманында Әбдісаламов Файзолла **(ҚСЭ, 6-том, 8-бет, Ақтөбе энц. 288-бет)** Қазақ КСР-ның Еңбек сіңірген өнер қайраткері (1960ж.), Ақтөбеден шыққан тұңғыш кино оператор туған жерінен шыққан, еңбегі сіңген азаматтар туралы деректі фильм түсіріп жүретін. Мен ол кісіні көрдім. Ал қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы Файзолла ағаның інісі Әлім Алмат (Ғалымжан Әбдісаламов) ағамды біздің Аққұмда дүниеге келгендігі жөнінде туған ауылымның (Аққұм) тұрғындарынан білдім. Мен Жабасаққа 2006 жылы әкемнің турниріне бардым. Соңғы рет 2022 жылы Жабасаққа мамыр айында бардым. Жерлестерім үлкен ілтипатпен қарсы алды. Осы орайды пайдаланып, ең алдымен Баязит Құдайбергенұлына үлкен ризашылығымды білдіремін. Соңғы рет 2022 жылы Жабасаққа мамыр айында бардым.

## ӘБДІСАЛАМ ӘУЛЕТІНІҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАРЫ

### Ғарекеңнің сұхбаты

2015 жылдың 29 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында Алматы қаласында болдым. Іссапарға бару себебім Алматы қаласындағы немере ағамыз Ғарифолла Төремұрат баласының көңілін сұрап, сәлем беру еді. Бұған дейін мен Ғарекеңе, 2-3 рет звандап, хабарласып сөйлескен едім. Ғарекең өзінің үлкейгендігін айтып “Рекең барда, (Рахи ағамды айтады) жиі хабарласатын еді, сендер хабарласуды қойдыңдар” деп ренішін білдірген. Осы себепті әдейі кезекті демалысымды алып, Алматыға жол тарттым. Аға-жеңгеммен кездесіп, көңілді бірлеген соң, дастархан басында өткен-кеткенді айтып, әңгіме соқтық. Келе келе сөз арасында мен Ғарифолла ағама өзі туралы аз білетінімді, ол кісінің өзі туралы ештеңе айтпайтынын айттым. Осыдан кейін Ғарекең жәйланып отырып, өзі туралы төмендегі жәйларды баяндады.

Әкем Төремұрат шамамен 80 жасында (1852-1932 жж.) Аққұмда (қазіргі Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Жабасақ ауылынан 50 шақырым жер) қайтыс болды. Мен жаспын, есімді шала-пұла білемін, 5-6 жастамын. Әкемнің менен басқа Әбдісалам, Жәлел, Нұрмахан, Ғалым ағам т.б. адамдар бар бәрі жиналып, әкемнің сүйегін түйе шанамен Аққұмнан Ырғызға Алмат атам тамына жеткізген.

1928 жылы конфискация жүрді. Біздің үй конфискацияға ұшырағанымен Темірбек Жүргеновтің араласуымен бізді жер аударған жоқ. Ал Самырат баласы Әбдіқадыр ағайларды Аралға жер аударды. Ол кезде өзің білесін Сәкең, Төкең, Махан т.б. Алмат балалары әрқайысысы бір-бір ауыл болып тұрған ғой. Конфискациядан кейінгі (малды сыпырып алды) жылдар жағдайсыз болып, елдің берекесі кете бастады. Сөйтіп аштық басталғанда көптеген туыстар Ресейдің Орск қаласына, Жетіқараға т.б. жақтарға жан-жаққа көшті.

Әкем қайтыс болған соң, жаз шыға Аққұмнан Ырғызға көштік. 6-7 жастамын-ау деймін. Ат арбамен, шешем бар, Бидаш іжем бар, бәріміз біргеміз. Жолда әбден шаршап, бір жерге келіп, атымызды доғарып, демалып жатсақ, түнде атымызды ұрлап кетіпті. Әжем ойбайлады да қалды. Күн ыстық, мені өліп қалады деп біреу арқылы Ырғызға жіберген. Өздері артынан келді. Ырғызға келген соң, Бидаш әжем ауырып, қайтыс болды. Ол кезде Қанымша жеңгем (Әбдісалам әйелі) Ырғызда адвокат Оразбай деген Қияттың (руы) ақсақалдың үйінде, бір бөлмесінде тұрады екен. Содан Халық ағаммен, Ғалия жеңгеміздің үйінде болдық. Есімізді жиған соң өгіз арбамен 7-8 күн жүріп, Шалқарға жеттік. Одан пойызға отырып, алматыға келдік. Бұл менің ең бірінші пойызды көруім еді. Алматыда қыстап шықтық. Содан Махмұд ағам, (Әбдіразақ баласы, Нарком Проста істейді) Қанымша жеңгем екеуі мені Тастақтағы №6 балалар үйіне апарып, тапсырды. Қанымша жеңгем елдегі тұрмыс жағдайды, берекетсіздікті көріп мені Алматыға, Файзолла ағама жеткізуді ойлапты. Содан елде аштық басталды. Балалар үйінде 1941 жылға дейін болдым. Соғыс басталған жылдары детдомның да жағдайы болмады. Жұмысқа кірістім-вагон түсіреміз, вагон тиейміз, әйтеуір күнкөріс. 1934 жылы 4-5 класта Алматы музыка мектебінде оқыдым. Әуелі үрмелі аспапта, кейін скрипкадан дәріс алдым. 1940 жылы қазіргі консерватория орнында общежитие болды. Сонда жаттым, музыкалық хореографиялық комбинатта оқыдым. 1941 жылы соғыс басталды 400 гр-нан баланда береді, аш-жалаңаш болдық, тойып тамақ ішкен күніміз болмады. Киім жоқ, одеялдан шалбар т.б. киімдерді тігіп кидік. Жалданып жұмыс істедік. Соғысқа баратын вагондарға сухари т.б. тиейміз, түсіреміз.

Сүйтіп 1944 жылы оқуды тастадым, күн көру, тамақ табу, өз-өзің асырау керек болды. Содан тамақ өнеркәсібі кәсіп орынға жұмысқа кірдім. 1948 жылы армияға алындым. Ашхабад қаласында жер сілкінгеннен кейін болдық. Стройкада жұмыс істедік. 1951 жылы әскерден келдім. Қайтадан бұрынғы тамақ кәсіпорындағы жұмысымды жалғастырдым. Әуелі есепші, экономист болдым. Ал Казсовнархозда аға экономист болдым. Кейін бұл мекеме тарап, Тамақ Министрлігі құрылғанда (Министерство пещевой промышленности) Министрліктің басқарма бастығы болдым (Управление организации труда и заработной платы).

1958 жылы КазГосАгроПром болып құрылғанда, қайтадан басқарма бастығы болып тағайындалдым. 1957 жылы Алматы қаласындағы НарХоздың экономика факультетін бітірдім. Жоғарыдағы аталған жұмыстарды 1987 жылға дейін, яғни зейнетке шыққанша істедім. 1957 жылы үйлендім. Жеңген Гүлнар Аяшқызы 1936 жылы туған. Ұзақ жылдар бойы Алматы шет тілдер институтында ағылшын тілінен сабақ берді. Қазір зейнетте. Қызым Сәуле А.Жұбанов атындағы арнайы музыка мектебінде оқытушы.

Самат балам 1993 жылы қараша айында жол апатынан қайтыс болды. Артында екі қызы қалды. Қазір Аллаға шүкір, немерелерім азамат болды. Шынын айтсам, көрген бейнетім мен қорлығымды адам басына бермесін! Кейде отырып, таң қалам. Қалай шыдадым, қалай аман қалдым деп. 1948 жылы армияға кетердің алдында Қанымша жеңгем келіп, мені елге, Ырғызға содан кейін Өзбекстанға алып барды. Ырғызда есімде Тілеумұрат Кішкентаев ағамыз келіп жатыр екен. “Біз кетеді”-деп, “жолға азық болсың” деген оймен қайтадан есімде атшанамен Нұраға барып, екі қой сойып әкелді. Қолда бар азық-түлікті жинақтап, Алматыға кеттім. Ағам “Тілеумұрат атыңды білесің бе?”-деп әңгімесін жалғастырды.

Өзбекстанға Тамдыға барғанда шынын айтсам, мені әуелі өз бауырларым да танымады. “Қанымша, сен кімді алып келдің, бұл кім?” дегендей әңгіме болды. Содан мені ортаға шығарып, ананы-мынаны сұрады. Әсіресе Қалима апам шұқшиып көп айналдырды. Содан “Қолыңды көрсет, алақанынды аш” деді. Екі алақанымды ашып бірдей көрсеттім. Сол қолымнан 4-5 саусағы кішкентайымда шоқа күйіп қалғандықтан, бүрік болатын. Саусақтарым толық ашылмайтын. Сіздерде, медицинада “Контрактура” дейме? Сол!

Шешемнің айтуы бойынша, 2,5-3 жасымда Қарақайда отырғанда қолымды шоққа күйдіріп алыппын. Содан сол қолымның екі саусағы бүрік болып біті, қалған.

Сол қолымның бүріскен саусақтарын көрген бойда Қалима апам өкіріп, “бауырымдап” мені құшақтап жылады. Содан туыстарым араласып, табысып кеттік қой!

Міне, менің бар өмірім осы!

Мен “Аға сіздің музыка мектебінде оқығаңызды білген жоқпың, алғаш рет естіп отырмын. Сіздің де музыкаға әуестігіңіз, бейімділігіңіз болып тұр ғой” деп едім, Ғарекең “Сенің аталарының бәрі музыкаға жақын болған, мықты домбырашы еді. Жақия, Абыл ағайлар, Қани ағай домбыра тартқанда тыңдай бергің келетін, домбыраны өте жақсы ойнайтын, бәрін көрдім, солардан көп дүние үйрендім ғой” деп сөзін аяқтады.

Ғарифулла ағамның аз болса да әңгімесін, өмір тарихын естіп сол уақыттардағы қазақ жастарының басынан кешкен ауыр тағдарын ойлап, “Мың өліп, мың тірілген” халық екенімізге көзи жетті **(Роман Рахиұлы, Алмат шөбересі).**

* * *

Сөзіміздің соңында айтқымыз келгені – Жабасақ өңірінің кішігірім тарих тасасында қалып қойған ардагер, елге қызмет еткен азаматтар мен азаматшаларды халық есіңе түсіру. Біз өткенді ұмытпай кейінгі буынға таныстырғанды жөн көрдік. Бұл ұрпақ жадында жаңғырту ғана емес, жастарды еңбекке баулу, патриоттық тәрибені бойына сіңдіру. Тағылымы терең тарихтың ашшы шындығың жеткізу біздің басты мақсатымыз. Еліміз осындай тарихи жерге көңіл бөліп, тарихын түгендеп, тарихи ескерткіштерінің (1902 жылы Алматұлы Самырат салған мешіт пен 1934 жылы Темірбек Жүргеновтің салғызған қызыл мектебі) қайта қалпына келтіріп, келер ұрпаққа насихаттау үшін музей сияқты мәдени мекеме ашып берсе деген ойымыз. Бүгінгі күніміз – ертеңгі тарих!

**Асқар Рахымжанұлы, тарихшы.**



# КӨҢІЛДЕГІДЕЙ ӨТКЕН ҚОС ШАРА

Аралтоғай ауылдық клубында мәдени шаралар үздіксіз ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарының рухани өміріне серпін беріп келеді. Клуб меңгерушісі Берік Қуанышевтің ұйымдастыруымен жуырда екі бірдей мазмұнды мәдени кеш өткізіліп, ауыл халқының көңілінен шықты.

Алдымен ауылдық клубта дәстүрге айналған «Шәмші Дария» атты ән кеші өтті. Қазақстанның вальс королі, сазгер Шәмші Қалдаяқов шығармашылығына арналған бұл кеш жыл сайын ақпан айының соңында ұйымдастырылып келеді. Биыл аталмыш шараның өткізілгеніне он жыл толып, ерекше әсерлі жағдайда өтті. Кеш тізгінін ұстап, шебер жүргізген Жаннұр Орынбасарова көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кештің шымылдығын ауыл әкімі С.Дүйсенбаев ашып, қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, өнерпаздарға сәттілік тіледі. Ән кешінде ауыл өнерпаздары ұлы композитордың жүрекке жақын, халық сүйіп тыңдайтын әндерін орындап, көрермендерді әсем әуен әлеміне жетеледі. Сахна төрінде өнер көрсеткен әншілер қатарында А.Ғалымжанова, З.Сапарғали, Н.Әбдіхалық, А.Тағаш, А.Бермуханбетова, Б.Әшім, М.Өтеулин, Б.Ақбергенова, Н.Дәулеткерей, Ж.Усманова, М.Әбдіғаниев, Ж.Жалғасбаев, Б.Тоқманбетова және Б.Қуанышев болды. Кеш соңында Әйтеке би ауданы «Целинник» мәдениет үйі директорының орынбасары С.Өтеғұлұлы қатысушыларды мәдениет үйі директорының Алғыс хатымен марапаттап, өнерпаздарға ризашылығын білдірді. Әсем әнге бөленген кештен ауыл тұрғындары ерекше әсер алып тарасты.

Мұнан кейін ауылдық клубта 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Бұл кеш аналар мен аруларға деген құрмет пен ризашылықтың көрінісіне айналды. Шараның ашылуында ауыл әкімі С.Дүйсенбаев барша аналарды мерекемен құттықтап, олардың отбасы мен қоғамдағы ерекше орнына тоқталды.

Мерекелік кештің жүргізушісі Ж.Орынбасарова көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, бағдарламаны әсерлі жүргізді. Концерт барысында сахна төрінде ана туралы жүрекке жылы әндер шырқалды. Өнер көрсеткен әншілер қатарында С.Бауыржанұлы, Б.Ақбергенова, З.Сапарғалиева, А.Тағаш, Н.Дәулеткерей, Г.Еркебұланқызы, Ж.Орынбасарова, Д.Қуандықұлы және Б.Қуанышев бар.

Осылайша Аралтоғай ауылдық клубында өткен қос мәдени шара ауыл тұрғындарына рухани қуаныш сыйлап, өнер мен мәдениеттің ауыл өміріндегі маңызын тағы бір айқын көрсетті. Клуб меңгерушісі Берік Қуанышевтің бастамасымен ұйымдастырылған мұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.

**Ә.Раев.**


## қоғамдық талқылау өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

### «SM Minerals» ЖСШ

«Бенкала порфирлі мыс кен орнының қайталама кен қорын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының салдарын жою жоспары» бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар бірыңғай экологиялық порталда https://ndbecology.gov.kz «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде 19.03.2026 ж. бастап 06.04.2026 ж. дейін өткізілетін болады.

Жоба материалдары https://ndbecology.gov.kz қоғамдық талқылаулар кезеңінде қарап танысу және ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін қолжетімді болады.

Қосымша ақпаратты құжаттың әзірлеушісінен алуға болады: «АПИЦ Инжиниринг» ЖШС, kazib@apits.kz, ұялы тел.: +7 777 629 47 27 және timur.mussin@eurasiacopper.kz

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

### о проведении слушаний ТОО «SM Minerals»

сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по «Плану ликвидации последствий горных работ по отработке открытым способом запасов вторичных руд Бенкалинского медно-порфиритового месторождения».

Слушания посредством публичных обсуждений будут проведены на едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz с 19.03.2026 г. по 06.04.2026 г. в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Материалы проекта будут доступны в период срока публичных обсуждений на https://ndbecology.gov.kz для ознакомления и предоставления замечаний, предложений.

Дополнительную информацию можно получить у разработчика плана ликвидации ТОО «АПИЦ Инжиниринг», e-mail: kazib@apits.kz, сот. тел.: +7-777-629-47-27 и электронному адресу timur.mussin@eurasiacopper.kz


# Баланың психологиялық дамуындағы ата-ана бақылауының рөлі



Қазіргі қоғамда баланың психологиялық саулығы – маңызды әлеуметтік мәселе. Баланың тұлға ретінде қалыптасуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты. Осы тұрғыда ата-ана бақылауы баланың психологиялық дамуына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып саналады. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Дәл осы ортада бала өзін ұстауды, сезімін білдіруді, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ата-ананың бала өміріне бейжай қарамай, оның іс-әрекетіне назар аударуы баланың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді. Мұндай қамқорлық пен бақылау баланың бойында сенімділік пен тұрақтылықты қалыптастырады.

Ата-ана бақылауы дегеніміз – баланың оқуына, мінез-құлқына, бос уақытына және араласатын ортасына жүйелі түрде көңіл бөлу. Бұл бақылау баланың жас ерекшелігіне сай жүргізілуі тиіс. Дұрыс ұйымдастырылған бақылау баланың дербестігін шектемей, керісінше жауапкершілігін арттырады.Психолог мамандардың пікірінше, ата-анасының қолдауын сезінген бала күйзеліс пен қорқынышты жеңіл еңсереді. Ол өз ойын ашық айтуға, ішкі жан дүниесіндегі қиындықтарын бөлісуге бейім болады. Бұл баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етіп, психологиялық саулығын сақтауға көмектеседі.Сонымен қатар, ата-ана бақылауы баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Баланың жетістігін уақытында байқап, мадақтау оның өзіне деген сенімін арттырса, қателігін сабырмен түсіндіру баланы алға ұмтылуға жетелейді. Мұндай қолдау балада табандылық пен төзімділікті қалыптастырады.Ата-ана тарапынан қойылатын белгілі бір талаптар мен ережелер баланың тәртібі мен жауапкершілігін дамытады. Бұл қасиеттер оның мектептегі үлгеріміне ғана емес, қоғамда өз орнын табуына да ықпал етеді. Дегенмен, бақылау шектен тыс болмауы тиіс. Өте қатал немесе үздіксіз қадағалау баланың дербестігін төмендетіп, өзіне деген сенімін әлсіретуі мүмкін.

Қорытындылай келе, ата-ана бақылауы баланың психологиялық дамуының берік негізін қалайды. Мейірім мен жауапкершілікке, сенім мен түсіністікке негізделген ата-ана бақылауы баланың толыққанды, бақытты әрі үйлесімді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Жазира Кенжегалиева,**
**С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологі.**



# ЖҮРЕКТІ ТОЛҚЫТҚАН ҚОЙЫЛЫМ

Мерекелік кештің әсерлі сәттерінің бірі – «Замандас» халықтық театры сахналаған «Ана-құдірет» атты композициялық қойылым болды. Ана мейірімі мен перзенттік парызды арқау еткен бұл сахналық туынды көрерменнің жүрегіне жол тауып, терең толғаныс сыйлады.

Қойылымда ана жүрегінің шексіз мейірімі мен перзент тағдыры үшін күрескен ананың қайсарлығы бейнеленді. Монологты орындаған Нұрбол Әшімнің, әсерлі сөзі, ана бейнесін сомдаған Аида Қоңыратбаева мен Бибіжан Сейтмағанбетованың,ның шынайы актерлік шеберлігі, сондай-ақ жас өнерпаз Дәурен Асу мен Т.Жүргенов ЖООБМ-нің «Жас өркен» театрының жас актерыҰлан Амановтың орындауындағы образдар көрермен көңілін толқытпай қоймады.

Қойылымның сценарий авторы әрі режиссері Гүлмира Қалмағанбетова ананың ұлы құдіретін сахна тілімен әсерлі жеткізе білді. Көрермен қауым ананың мейірімі мен махаббаты қандай кезеңде де адамзаттың ең биік құндылығы екенін тағы бір мәрте сезінді.

**Е.Раев.**

# БАЛА ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ




Қазіргі қоғамда бала тәрбиесі – тек ата-ананың ғана емес, баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз. Әр бала – жеке әлем. Оның сезімі, ойы, арманы бар. Сол әлемге дөрекі сөзбен емес, мейіріммен кіру – үлкендердің міндеті.

Балаға ең қажет нәрсе – қауіпсіздік пен түсіністік. Қорқыныш арқылы тәртіп орнатуға болады, бірақ сенім қалыптастыру мүмкін емес. Ал сенім бар жерде ашықтық, батылдық және даму бар.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, баланың өзін-өзі бағалауы отбасындағы қарым-қатынастан басталады. «Сенің қолыңнан келеді», «Мен саған сенемін» деген қарапайым сөздер оның болашақтағы сенімді тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

Кейде біз тәрбиені қатаң талаппен шатастырып аламыз. Алайда шынайы тәрбие – жазалау емес, түсіндіру. Айқай емес, диалог. Қысым емес, қолдау.

Бала жүрегіне жол табу – үлкен өнер. Ол үшін уақыт, сабыр және махаббат қажет. Бүгін айтылған жылы сөз ертең үлкен жетістікке айналуы мүмкін.

Өйткені бақытты бала – мейірімді қоғамның негізі.

**Нұржамал Абаева,**
**Б.Сейсекенов атындағы ЖОББ мектебінің педагог-психологы.**

# Туберкулез – бұл қауіпті жұқпалы ауру

Туберкулез – бұл қауіпті жұқпалы ауру, оны емдеу ұзақ уақытқа созылады және дәрігердің барлық ұсыныстарын міндетті түрде орындауды талап етеді. Аурудың қоздырғышы – Mycobacterium tuberculosis туберкулез микобактериясы. Адамзат бұл дертпен жүздеген жылдар бойы ауырып келеді. Әр адам әлеуметтік мәртебесі мен материалдық жағдайына қарамастан туберкулезбен ауыруы мүмкін. Жоғары қауіп тобына өкпе туберкулезінің жұқпалы түрімен ауыратын адаммен үнемі байланыста болатын адамдар, иммунитеті төмен жандар, алкогольге және темекіге тәуелділіктен зардап шегетіндер, сондай-ақ есірткі тұтынушылар жатады.

Туберкулездің белгілері әртүрлі болуы мүмкін. Өкпе туберкулезінің ең негізгі симптомы – 3 аптадан астам уақытқа созылатын жөтел. Жөтел қақырықтың бөлінуімен қатар жүруі немесе қан түкіру (гемоптиз) байқалуы мүмкін.Аталған белгілер басқа ауруларда да байқалуы ықтимал, сондықтан мұндай белгілер пайда болған жағдайда нақты диагноз қою үшін міндетті түрде учаскелік дәрігерге немесе пульмонологқа қаралу қажет.

Туберкулез диагнозын қою үшін бірнеше әдіс қолданылады. Егер туберкулезге күдік болса, ең жылдам диагностикалық әдістердің бірі – қақырық микроскопиясы. Сонымен қатар «Xpert MTB/RIF» молекулалық-генетикалық әдісі туберкулез қоздырғышын 2 сағат ішінде анықтап, оның рифампицинге төзімділігін айқындайды. Бұл әдіс ауруды жедел анықтап, оның айналадағы адамдарға жұғуының алдын алуда аса маңызды. Егер микроскопия нәтижесінде қоздырғыш табылса, бұл қақырық тапсырған адамның айналасындағы адамдарға – туыстарына, жақындарына, жұмыс әріптестеріне немесе қоғамдық көліктегі жолаушыларға инфекция жұқтыруы мүмкін екенін білдіреді.




Мұндай жағдайда науқас бактерия бөлу кезеңінде басқа адамдармен қарым-қатынасты шектеуі тиіс.Диагностикада рентгенологиялық әдісте кеңінен қолданылады, ол туберкулез үдерісінің орналасуын және таралу деңгейін анықтауға көмектеседі. Кейіннен рентген бақылауы арқылы емнің тиімділігі бағаланады.

Туберкулезге қарсы препараттарға сезімтал микобактериялардан туындаған туберкулезді әдетте 6–8 ай ішінде емдеуге болады. Емнің бастапқы кезеңінде 4 препарат (шамамен 11–13 таблетка) тағайындалады. Кейін науқастың жағдайы жақсарып, микобактерия бөлінуі тоқтаған соң емдеу екі препаратпен (4–5 таблетка) жалғасады. Ал дәріге төзімді микобактериялардан туындаған туберкулез 9–24 айға дейін созылатын қарқынды және ұзақ емдеуді талап етеді. Туберкулездің алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстану қажет. Жүйке жүйесінің саулығын сақтау үшін күйзелістен аулақ болу маңызды. Тамақтану толыққанды әрі ақуызға бай болуы тиіс. Сонымен қатар шаңды, желдетілмейтін бөлмелер туберкулез бактерияларының таралуына қолайлы орта болып табылады, сондықтан жұмыс істейтін және демалатын орындарды үнемі желдетіп отыру қажет.

**Анар Абилдина,**
**Әйтеке би аудандық ауруханасының фтизиатр дәрігері.**

# Көктемгі су тасқынындағы сақтық шаралары



Көктемгі су тасқыны – қауіпті табиғи құбылыс, ол алдын-ала болжанбайтын зардаптарға әкелуі мүмкін және бұл кезең бізден тәртіпті, сақтықты және қауіпсіздік ережелерін сақтауды талап етеді.

Көктемгі су тасқыны мен сең жүру кезеңінде тыйым салынады:

- су қоймаларына шығуға;
- сең жүру кезеңінде өзен арқылы өтуге;
- мұз қату орындарында өзенге жақын келуге;
- мұз кептелісіне жақындауға, жағадан мұзды итеруге, өзен немесе кез-келген су қоймасының тереңдігін өлшеуге, мұзбен жүруге;
- балалардың мұзға шығуына, мұз үстінде ойнауына.

Су тасқыны кезінде қалай әрекет ету керек:

- төтенше жағдайлар мен әс-әрекет жөніндегі нұсқаулықтар мен ақпараттарды мұқият тыңдаңыз;
- жергілікті атқарушы орындарынан эвакуация үшін тұрғындарды жинау орнын анықтап, соған дайындалыңыз;
- құжаттарыңызды, қажетті заттарыңызды дайындаңыз;
- электр тоқтарды тоқ көзінен ажыратып, газды сөндіріңіз;
- мүгедектер мен балаларға және де егде жастағы адамдарға көмек көрсетіңіз.

Аумақты су басу қаупін байқаған кезде «112» нөміріне телефон соғып, хабарлау керек. Есіңізде болсын, сақтық шараларын сақтай отырып, сіз өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтайсыз.

**Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.**

# Ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру

Мемлекетік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау обьектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды мемлекеттік ветеринариялық-саниятариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы » ҚР АШМ 21.05.2015ж №7-1/453 бұйрығының 3 тарауына және осы бұйрықтың 7 қосымшасындағы бекітілген талаптарға сай көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметіне қол жеткізу үшін электрондық (ішінара автоматтырылған) немесе "бір өтініш" қағидаты бойынша Қазақстан Республикасындағы электрондық лизенциялау порталы elicense.kz арқылы жүзеге асырылады., өтініш жолданады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш түскен күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде мемлкеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту немесе мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау обьектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды рәсімделіп беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы бланктің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы,сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда төледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі; 3) ЭТҮШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:1)мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау обьектінің қауіпсіздігі мониорингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы; 2)мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төнедіретін ҚР ветеринариялық саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтың анықталуы; 3) ветеринариялық қорытындыны алу үшін көрсетілген қызметті алушы ұсынылған құжаттардың және оларда қамтылған деректердің дәйексіздігін анықтау; 4)көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветериариялық-санитариялық қорытынды алуға байланысты қызметте немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болуы.

Көрсетілген қызметті алушы құжаттардың толық топтамаларын ұсынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде обьектіні зерттеп-қарауды жүзеге асырады және обьектінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді.

Мемлекттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту немесе мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрсетілген ветеринариялық-санитариялық қорытындының дайын екендігі туралы хабарлама мемлекеттік ветеринариялық-санитарияық инспектордың ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Көрсетілген қызметті алушы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

Ветеринариялық-санитариялық қорытынды рәсімделгеннен кейін, күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзімге жарамды.

ҚР АШМ ВБжҚК Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясы. Тел: 87133921708, ғаламтор ақпараты www.gov.kz "Мемлекеттік көрсетлетін қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы. 1414, 8 800 080 7777

**А.Сарина,**
**ҚР АШМ ВБжҚК-нің Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**


**Меншік иесі:** Геннадий СТРУЧКОВ
«Жаңалық жаршысы» аудандық газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат және мұрағат агенттігінде 2013 жылы 6 мамырда тіркеліп, №13598-Г куәлігі берілген

Жарияланым авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді және қолжазба қайтарылмайды. Жарнама мазмұны үшін жарнама беруші жауапты.

**Редактор** Егенберлі ӘБДІРАЕВ
**Шеф-редактор** А.Нұрболұлы
**Есепші** Бәдигүл Садықова

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 681 дана. Тапсырыс №276
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65510

**Мекен-жайымыз:**
030100 Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Әйтеке би көшесі, 28.
Байланыс телефондары: 8 (713-39) 21-1-87, директор 8 (713-39) 22-5-68

Газет «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.